

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Жамбыл облысы Талас ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 25 маусымдағы № 216 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 маусымда № 4270 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17, 69, 119 баптарын, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарын басшылыққа алып, Талас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты оптикалық байланыс желісін жүргізу үшін 101,5139 гектар жер учаскесіне, жер учаскелерін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан, 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Жамбыл облысы Талас ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға жіберілуін;
- осы қаулының Жамбыл облысы Талас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Дадабаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д. Алиев

Талас ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "___" _____
№___ қаулысына қосымша

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты оптикалық байланыс желісін жүргізу үшін жер учаскелерін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан, 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгілеуге берілген жерлердің экспликациясы

№	Ауылдық округ	Жалпы жер көлемі, гектар	оның ішінде						
			Жалпы егістік жер көлемі, гектар	Оның ішінде		Шабындық, гектар	Жайылым, гектар	Бөгде жер учаскесі	Құрылыс асты, гектар
				Суармалы егістік, гектар	Тәлім егістік, гектар				
1	Ақкөл	13,9699	-	-	-	-	13,2555	0,6896	0,0248
2	Аққұм	3,5472	-	-	-	-	3,5472	-	-
3	Бостандық	1,8111	-	-	-	-	1,8111	-	-
4	Қаратау	5,3600	-	-	-	-	5,3600	-	-
5	Қасқабұлақ	5,2376	-	-	-	-	5,2376	-	-
6	Кенес	9,9914	-	-	-	-	9,9858	0,0056	-
7	Қызыләуіт	7,2832	-	-	-	-	7,2832	-	-
8	Ойық	25,9393	-	-	-	0,7200	25,1993	0,02	-
9	Берікқара	9,4768	-	-	-	-	9,4456	-	0,0312
10	Тамды	4,1755	-	-	-	-	4,1755	-	-
11	Үшарал	8,2243	-	-	-	-	8,2243	-	-
12	С.Шәкіров	6,4976	-	-	-	-	6,1512	0,3384	0,008
	Барлығы	101,5139	-	-	-	0,7200	99,6763	1,0536	0,0640

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК